

## Көсембай негізгі мектебінің «Жас тарихшылар» үйірмесінің 2022-2023 оқу жылындағы талдауы

2022-2023 оқу жылында Көсембай негізгі мектебінде «Жас тарихшылар» үйірмесі жұмыс жасады. Үйірменің мақсаты: Жас ұрпақты әлеуметтік белсенділікке, адамзат басынан кешірген аса елеулі тарихи оқиғалармен, ол жинақтаған бағалы құндылықтармен таныстыра отырып, жауапкершілікке, тиянақтылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Міндеттері:

1. Оқушылар бойына патриоттық-азаматтық құндылықтарды дарыту.

2. Туған халқына деген құрмет, мақтаныш сезімін ұялату.

3. Ұлттық рухты дамыту.

4. Маңызды істерді шешуге қабілетті, іскер, жауапкершілікті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Үйірме жұмысына 5-9-сынып оқушыларынан 24 оқушы қамтылды. Үйірме бекітілген кесте негізінде уақытылы жұмыс жасады. Барлық жоспарлар тиімді жүзеге асырылды. Үйірме жұмыс бойынша төмендегідей сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды.



"Қазақстан еліне виртуалды экскурсия" тақырыбында саяхат жасады. Оқушылар онлайн саяхаттан алған әсерлерімен бөлісті.

[https://www.instagram.com/p/Cj7KcgKIVSe/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/Cj7KcgKIVSe/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



Ақтөбе облысы бойынша "Қазақстанның киелі жерлері географиясына" республикалық деңгейде енгізілген 10 нысанның бірі Абат- Байтақ қорымына барып, кесене құрылысы мен тарихы мен танысып қайтты. XIV - ғасырдың соңы XV - ғасырдың бас кезінде салынған Абат - Байтақ кесенесі Ақтөбе облысының Қобда ауданының Талдысай кентінің аумағында орналасқан. Халық аузындағы аңыздарға қарағанда кесене атақты Асан қайғы жыраудың ұлы Бесқопа аңғарында қайтыс болған. Абат батырға арналып, бүкіл аймақ халқының қатысуымен тез арада тұрғызылған. Кесенемен танысу үшін барлығы 17 оқушы барып қайтты.

[https://www.instagram.com/p/CtYXWQDACrM/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/CtYXWQDACrM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)



"Ойыл халық театры қонақта" тақырыбында аудандық мәдениет үйінің Ойыл халық театрымен және өнер иелерімен, қызметтерімен таныстыру мақсатында мектебіміздегі үйірме оқушыларын аудандық мәдениет үйіне экскурсия жасадық. Мәдениет үйінің қызметкері оқушыларға Ойыл халық театрының тарихы мен өнер иелері туралы ақпарат беріп, мәдениеті үйінің фойесіндегі суреттер тарихымен таныстырды. Мәдениет үйінің қызметкері сонымен қатар актерлік шеберлігін көрсетіп, оқушыларға өз тәжірибесімен бөлісті.

[https://www.instagram.com/p/Cc4PNg6ligk/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Cc4PNg6ligk/?utm_source=ig_web_copy_link)

Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарын өз еркімен меңгертуге, интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасау арқылы жетістіктерге қол жеткіздік.

Үйірме жетекшісі:  А.М.Керей



Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарын өз еркімен меңгертуге, интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасау арқылы жетістіктерге қол жеткіздік.



Үйірме жұмысы арқылы оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, ғылыми ізденіс пен зерттеу жұмыстарын өз еркімен меңгертуге, интеллектуалдық-шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасау арқылы жетістіктерге қол жеткіздік.

